ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 3 желтоқсан №4712-24-00-2/4430 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК Kizambayeva, басшысы Кизамбаева Маржан Нұрланқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру
3. Шартты бұзу

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

ЖК Kizambayeva, басшысы Кизамбаева Маржан Нұрланқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК Kizambayeva, басшысы Кизамбаева Маржан Нұрланқызынан мемлекет пайдасына 729 000 (жеті жүз жиырма тоғыз мың) теңге тұрақсыздық айыппұлы өндірілсін.

ЖК Kizambayeva, басшысы Кизамбаева Маржан Нұрланқызы мен «Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі арасында 2024

жылы 16 қыркүйекте жасалған құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №64 шарт бұзылсын.

ЖК Kizambayeva, басшысы Кизамбаева Маржан Нұрланқызынан мемлекет пайдасына 10 982 (он мың тоғыз жүз сексен екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 5 желтоқсанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 05.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 08.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 11.01.2025

4712-24-3-1/4067